

Ұлытау облысының 2024 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ұлытау облыстық мәслихатының 2024 жылғы 21 маусымдағы № 15/140 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 26 маусымда № 128-20 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 569-бабына, Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес Ұлытау облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ұлытау облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2024 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау облыстық мәслихатының төрағасы

Б. Шингисов

Ұлытау облыстық мәслихатының
2024 жылғы 21 маусымдағы
№ 15/140
шешіміне қосымша

Ұлытау облысының 2024 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

№ р/р	Арнаулы су пайдалану түрі	Өлшеу бірлігі	2024 жылға төлемақы мөлшерлемелері, теңге
	Нұра, Сарысу, Кеңгір өзендерінің бассейні		
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	227,39
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	648,74
3	Ауыл шаруашылығы (төмендету коэффициентін есепке ала отырып – 0,5)	теңге/1000 текше метр	93,63
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	177,23

5	Су энергетикасы	теңге/1000 килоВатт сағат	-
6	Су көлігі	теңге/1000 тонна километр	-
Торғай, Тобыл, Ырғыз өзендерінің бассейні			
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	203,98
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	581,86
3	Ауыл шаруашылығы (төмендеткіш коэффициентті есепке ала отырып – 0,5)	теңге/1000 текше метр	80,26
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	160,51
5	Су энергетикасы	теңге/1000 килоВатт сағат	-
6	Су көлігі	теңге/1000 тонна километр	-